




Бекітілген / Утверждено
Ғылыми кеңестің шешімімен /
Решением Ученого совета
«28» «06» 2024 ж./г.
хаттама / протокол № 11

PR-03-07-03-06-03

Магистратураға қабылдау Ережесі/
Правила приема в магистратуру

Әзірледі / Разработала		
Магистратура және докторантура бөлімі басшысы /Начальник магистратуры и докторантуры	 (қолы / подпись)	Ф. Оразаева

Мазмұны / Содержание

№		Бет / Стр
1	Жалпы ережелер	3
2	Магистратураға қабылдау тәртібі	5
3	Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	6
4	Қабылдау емтиханын ұйымдастыру және өткізу	6
5	Магистратураға түсетін тұлғалардың құжаттарын қабылдау	9
6	Апелляциялық комиссия жұмысының тәртібі	10
7	Магистратураға қабылдау	11
8	Құқығы	12
9	Жауапкершілігі	13
	Қосымшалар	26
	Танысу парағы	28
	Келісу парағы	29
1	Общие положения	14
2	Порядок приема в магистратуру	16
3	Требования к предшествующему уровню образования лиц, желающих освоить образовательные программы магистратуры	17
4	Организация и проведение вступительного экзамена	17
5	Прием документов лиц, поступающих в магистратуру	20
6	Порядок работы апелляционной комиссии	21
7	Зачисление в магистратуру	23
8	Права	24
9	Ответственность	25
	Приложения	27
	Лист ознакомления	28
	Лист согласования	29

1. Жалпы ережелер

1.1. Магистратураға қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) құжаттарды қабылдау және магистратураға үміткерлерді қабылдау мәселесі бойынша «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ (бұдан әрі – Университет) қабылдау комиссиясының қызметін үйлестіру мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленген және Университет магистранттарының контингентін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

1.3. Нормативтік сілтемелер*):

1.3.1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.

1.3.2. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары.

1.3.3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ) бұйрықтары, сондай-ақ магистратураға қабылдау қағидаларын регламенттейтін Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері.

1.3.4. Университет жарғысы.

1.3.5. Университеттің академиялық саясаты.

1.3.6. Университеттің ішкі тәртіп ережелері.

1.3.7. Университеттің сапаны қамтамасыз ету жүйесінің (бұдан әрі – ESG) бұйрықтары, басшылық өкімдері және өзге де құжаттары.

**) Егер сілтемеде құжаттың күні белгіленген басылымы көрсетілсе, онда тек осы нұсқа қолданылады. Күні қойылмаған сілтемелер үшін сілтеме құжатының соңғы қолданыстағы нұсқасы (кез келген түзетулерді қоса алғанда) қолданылады.*

1.4. Қолдану саласы:

Осы Ережелердің талаптары кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) нәтижелері бойынша үміткерлердің құжаттарын қабылдауды және Университет магистратурасына қабылдауды ұйымдастыру процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерге қолданылады.

1.5. Тарату аясы: магистратурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім алғысы келетін тұлғалар үшін.

1.6. Мүдделі тараптар:

Мүдделі тарап	Қажеттіліктер мен үміттер
1	2
Магистратура және докторантура бөлімі	Университет магистратурасына үміткерлерді қабылдау бойынша функцияларды үйлестіру және бақылау

Университеттің қабылдау комиссиясы	Кешенді тестілеуді өткізу үшін магистратураға үміткерлер мен ҚР ҒЖБМ ҰТО арасындағы өзара әрекеттестік тиімділігін арттыру
Магистратураға үміткерлер	Магистратураға қабылдау ережелерімен және тәртібімен танысу

1.7. Терминдер, қысқартулар және анықтамалар.

1.7.1. Мәтін бойынша төмендегі кестеде көрсетілген терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Терминдер	Анықтамалар
1	2
Шетелдік	осы елдің азаматы болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері бар адам
Кешенді тестілеу	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны
Азаматтығы жоқ адам (апатрид)	осы елдің азаматы болып табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері жоқ адам
Магистратура	тиісті мамандық бойынша "магистр" академиялық дәрежесін бере отырып, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламасы
Магистрант	лицо, обучающееся в магистратуре
Шекті балл	республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға немесе ақылы негізде оқуға түсу үшін жол беретін тестілеудің блоктары немесе пәндері бойынша Үлгілік қағидаларда белгіленген баллдардың ең төменгі сомасы
Постреквизиттер	зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер және дағдылар осы пәнді зерделеу аяқталғаннан кейін талап етілетін пәндер
Пререквизиттер	оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды қамтитын пәндер
Кешенді тестілеуді өткізу пункттері	бұл КТ жүргізуді жүзеге асыратын ЖЖЖОКБҰ
КТӨП Қабылдау комиссиясы	КТ өткізуді жүзеге асыратын ЖЖЖОКБҰ жанындағы комиссия
Сертификат	КТ жинаған баллдарды ресми растайтын белгіленген үлгідегі атаулы құжат

1.7.2. Мәтін бойынша төмендегі кестеде көрсетілген қысқартулар мен терминдер қолданылады:

Қысқартулар	Терминдер
1	2
ЖТК	Жеке тестілеу коды
КТ	Кешенді тестілеу
БӨҚ	Бақылау-өлшеу құралдары
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ҒЖБМ ҰТО	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы
ЖЖЖОКБҰ	Жоғары және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
КТӨП	Кешенді тестілеуді өткізу пункттері

ЭҰП	Электрондық үкімет порталы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба

1.8. Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарды қабылдау комиссиясының төрағасы бақылайды.

1.9. Енгізілетін формалар:

Осы Ережелер келесі формаларды қолданысқа енгізеді:

Форма	Форма атауы
1	2
F-PR-03-07-03-06-03-01	Университет магистратурасына түсу үшін ректордың атына өтініш
F-PR-03-07-03-06-03-02	Магистратураға үміткерлерді тіркеу журналы
F-PR-03-07-03-06-03-03	Университет магистратурасына түсуге арналған құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат
F-PR-03-07-03-06-03-04	Магистратураға өтілі бар үміткермен әңгімелесу өткізу хаттамасы

2. Магистратураға қабылдау тәртібі

2.1. Университет магистратурасына жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген («бакалавр» немесе «дипломды маман» біліктілігін алғандығын растайтын жоғары кәсіптік білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты бар) тұлғалар қабылданады.

2.2. Магистранттарды қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2.3. Шетелдіктерді магистратураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы, магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

2.4. Шетелдік азаматтарды Университет магистратурасына ақылы негізде оқуға қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.5. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды бейінді магистратураға ақылы негізде қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.6. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

2.7. Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

2.8. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

2.9. Магистратураға қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі КТ) нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.10. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Университет ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

2.11. Қабылдау комиссиясының құрамы мен функциялары университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

2.12. Университеттің қабылдау комиссиясы түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының таңдаулы тобының мәселелері бойынша кеңес беруді, КТ рәсімімен танысуды жүзеге асырады.

3. Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар.

3.1. Магистратураға «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген адамдар қабылданады.

4. Қабылдау емтиханын ұйымдастыру және өткізу

4.1. КТ формасындағы қабылдау емтиханын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

4.2. ҰТО-ның ресми сайтында КТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

4.2.1. Күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 08 шілдесіне дейін.

4.2.2. Күнтізбелік жылдың 28 қазанынан 10 қарашасына дейін.

4.3. КТ келесі мерзімдерде жүргізіледі:

4.3.1. Күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін.

4.3.2. Күнтізбелік жылдың 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

Магистратураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

4.3.3. Күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін.

4.3.4. Күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

4.4. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде (таңдауы бойынша) жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар КТ-ны мына білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тапсырады:

4.4.1. Таңдау бойынша шет тілінен тест (ағылшын, француз, неміс).

4.4.2. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест,
4.4.3. Қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тест.
4.5. Бейіндік магистратураға қазақ немесе орыс тілінде оқуға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест тапсырады.

4.6. КТ тест тапсырмаларының саны:

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратура үшін:

а) шет тілі бойынша тест-50;
б) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест-30;
с) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест - 50, оның ішінде:

бірінші бейіндік пән бойынша-30,

екінші бейіндік пән бойынша-20.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін:
білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде бірінші бейіндік пән бойынша-30, екінші бейіндік пән бойынша-20;

Білім беру бағдарламалары тобы бойынша КТ бейіндік пәндері:

а) М-140-Қоғамдық денсаулық сақтау: «Биостатистика» және «Қоғамдық денсаулық сақтау»;

б) М-140-төтенше жағдайларда шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру: «Биостатистика» және «Қоғамдық денсаулық сақтау»;

с) М-144-Медицина: «Биостатистика» және «Дәлелді медицина»;

д) М - 145-Медициналық-профилактикалық іс: «Биостатистика» және «Гигиена және эпидемиология»;

е) М-142 - Фармация: «Фармацияны басқару және экономика және дәрі-дәрмек технологиясы» және «Фармацевтикалық химия және фармакогнозия».

4.7. КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

4.8. КТ тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.9. КТ өткізу ҚР ҒЖБМ 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген КТ өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4.10. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес мынадай тілдер бойынша шет тілі блогынан өз қалауы бойынша босатылады:

- ағылшын тілі: IELTS Academic (халықаралық ағылшын тілін тестілеу жүйесі Academic).

- TOEFL IBT (ағылшын тілі бойынша шет тілі ретінде интернет-тест).

- неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH).

- француз тілі: Test de Français International™ (TFI).

- Diplome d'Etudes en Langue française (DELFI).

- Diplome Approfondi de Languefranzaise (DALF).

- Test de connaissance du franzaais (TCF).

4.11. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұскалығы мен қолданылу мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде қабылданған кезде тексереді.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ–ның «Шет тілі» (ағылшын тілі) тестілеу блогынан босатылады.

4.12. Мемлекеттік білім беру гранты бойынша магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ЖЖОКБҰ) дейін көрсетеді.

4.13. Электрондық сертификат ҰТО сайтында расталады.

20 шілде мен 10 тамыз аралығында өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін жарамды.

18 қарашадан 11 желтоқсанға дейін өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылдың 1 наурызына дейін жарамды.

4.14. КТ-ға бөлінеді:

а) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін-3 сағат 55 минут;

б) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін-2 сағат 40 минут;

КТ нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

4.15. Өту балы КТ бойынша:

а) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын ғылыми-педагогикалық магистратура үшін-75 балл.

б) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратура үшін-30 балл.

5. Университет магистратурасына түсетін тұлғалардың құжаттарын қабылдау

5.1. Университет магистратурасына күнтізбелік жылдың 10 тамызынан 28 тамызына дейін немесе күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін түсетін адамдар қабылдау комиссиясына тапсырады мынадай құжаттар:

5.2. Университеттің қабылдау комиссиясына жүгінген кезде:

а) Университет ректорының атына өтініш (F-PR-03-07-03-06-02-01).

б) Жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа).

с) Диплом қосымшасының көшірмесі және түпнұсқасы.

d) Интернатураны бітіргені туралы куәлік (болған жағдайда) (көшірмесі және түпнұсқасы).

e) Жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (көшірмесі).

f) КТ сертификаты.

j) Грант беру туралы куәлік (болған жағдайда);

h) Алдын ала кесілген, мөлшері 3x4 сантиметр алты фотосурет.

i) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/у формасы бойынша медициналық анықтама.

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады.

g) Шет тілі (ағылшын, неміс, француз) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (болған жағдайда).

k) Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін) (кадр бөлімі куәландырған көшірме).

l) Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда).

m) Түйіндеме.

n) Шарт жасасуға және оқу шығындарын төлеуге кепілдік беретін хат (қандай да бір мекеме немесе ұйым оқу ақысын төлеген жағдайда магистратураға ақылы негізде түсушілер үшін).

p) Құжат тігілетін картон папка (1 дана).

5.3. g) және k) тармақшаларында санамаланған құжаттар түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалар үміткерге қайтарылады.

5.4. Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

5.5. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

5.6. Қабылдау комиссиясы Университеттің магистратурасына түсетін өтініштерді тіркеу электрондық журналын жүргізеді (F-PR-03-07-03-06-03-02).

5.7. Магистратураға үміткер университеттің қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына немесе 10 қаңтарына дейінгі мерзімде ұсынады, университеттің қабылдау комиссиясына құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі (F-PR-03-07-03-06-03-03).

5.8. Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет ректоры үміткерді Университет магистранттарының қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

5.9. Қабылдау комиссиясы магистратураға қабылдаудан мынадай негіздер бойынша бас тартады:

а) Магистратураға түсу үшін үміткер ұсынған құжаттардың (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтаса.

б) Магистратураға үміткер құжаттардың толық пакетін ұсынбаса.

с) Магистратураға үміткер құжаттар пакетін белгіленген мерзімнен кеш ұсынса.

6. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі

6.1. КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін ҚР ҒЖБМ жанында апелляцияларды қарау жөніндегі Республикалық комиссия және әрбір КТӨП-де апелляциялық комиссиялар құрылады.

6.2. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы, ППТК-да құрылатын апелляциялық комиссиялардың төрағалары КТ нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін ҚР ҒЖБМ бұйрығымен бекітіледі. Республикалық апелляциялық комиссияның құрамы кемінде екі оқытушыны қамтитын КТ ұқсас пәндері бойынша ЖЖОКБҰ-ның профессорлық-оқытушылық құрамы қатарынан қалыптастырылады.

6.3. Апелляциялық комиссия магистратураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.

6.4. КТӨП апелляциялық комиссиясы шет тілдері және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша өтініштерді қарайды.

6.5. Магистратурада оқу үшін КТ апелляциясын қарау нәтижелерін апелляциялық комиссия Республикалық апелляциялық комиссияға береді.

6.6. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде магистратурада оқу үшін КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

6.7. Магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

6.8. Магистратураға кешенді тестілеу кезінде апелляцияға өтінішті ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы тестілеуге қатысқан адам береді:

- техникалық себептер бойынша тестілеу кезінде;
- тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде мазмұны бойынша.

Қағаз форматта КТ өткізу кезінде емтихан материалдарының мазмұны бойынша және техникалық себептер бойынша өтініштер КТ нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде апелляциялық комиссия қарайды.

6.9. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

6.10. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған жағдайда апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты және КТ-ға рұқсаттаманы ұсынады.

6.11. Апелляциялық комиссияның шешімдері комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

6.12. Электрондық форматта КТ өткізу кезінде талапкердің тест тапсырмаларының мазмұнына апелляцияға өтініші тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде қабылданады. Тестілеу кезінде техникалық себептер бойынша апелляция беріледі.

7. Магистратураға қабылдау

7.1. Ақылы негізде және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурстық негізде КТ бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады.

7.1.1. Ғылыми-педагогикалық магистратура үшін кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша - кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейіндік пән бойынша - кемінде 7 балл, екінші бейіндік пән бойынша - кемінде 7 балл, оқуға дайындығын айқындауға арналған тест бойынша - кемінде 7 балл КТ үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес баллдар.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын ғылыми-педагогикалық магистратураға кешенді тестілеуге арналған 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Балдар	шектеі балл
1	2	3	4	5	6
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика- грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын / Неміс / Француз	50	50	≥ 25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	≥ 7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	≥ 7
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	20	40	≥ 7
Барлығы			130	150	≥ 75

7.1.2. Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратура үшін кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейіндік пән бойынша - кемінде 7 балл, екінші бейіндік пән бойынша - кемінде 7 балл, КТ үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын бейінді магистратураға кешенді тестілеуге арналған 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Балдар	шекті балл
1	2	3	4	5	6
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	≥ 7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	≥ 7
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	20	40	≥ 7
Барлығы			80	100	≥ 50

7.2 Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе бейінді магистратураның білім беру бағдарламасының тиісті бейіні бойынша кемінде он жыл өтілі бар адамдар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

7.3 Қағидалардың 2.4, 2.5, 7.2-тармақтарында көрсетілген магистратураға үміткерлермен әңгімелесу Хаттамасын қабылдау комиссиясының хатшысы ресімдейді.

8. Құқығы

8.1. Қабылдау комиссиясы құқылы:

8.1.1. Осы Ереженің 5.2 тармақшарында көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамауға.

8.2. Магистратураға үміткерлер құқылы:

8.2.1. Магистратураға түсу конкурсына бір мамандық бойынша үш ЖЖОКБҰ қатысуға.

8.2.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде магистратураға түсу конкурсына қатысуға.

8.2.3. Магистратураға түсу конкурсының қорытындылары туралы ақпарат алуға.

8.2.4. Конкурстың кез келген кезеңінде жазбаша өтініш бойынша Университеттен өз құжаттарын алуға.

8.2.5. КТ өткізу кезеңіндегі келесі күндердің бірінде КТ-ге тиісті тестілеу тілі және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бар аудиторияда орын болған жағдайда мынадай дәлелді себептер бойынша қатысуға (ҚР БЖҒМ 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығының 15-тармағы):

а) Денсаулық жағдайы бойынша № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысанына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған кезде.

б) Жақын туыстарының қайтыс болғанын, баланың туылғанын, үйлену тойының болғанын растайтын құжаттар болған жағдайда, уақытша еңбекке қабілеттілігінен айырылғаны туралы анықтама құжаттарын ұсыну негізінде.

с) Төтенше жағдайлар кезінде.

9. Жауапкершілігі

9.1. Қабылдау комиссиясы жауапты:

9.1.1. Азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген білім алу құқықтарының сақталуына, Қабылдау комиссиясы жұмысының жариялылығы мен ашықтығына.

9.1.2. Түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының таңдалған тобы мәселелері бойынша консультация беруге, КТ рәсімімен таныстыруға.

9.1.3. Оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастыруға.

9.1.4. Оқуға түсушілер үшін өзіне-өзі қызмет көрсету аймағын (кабинеттерін) құруға.

9.1.5. Университеттің ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – АЖ) Электрондық үкімет порталымен (бұдан әрі – ЭҮП) интеграциялауды қамтамасыз етуге.

9.1.6. ЭҮП жұмыс істеу үшін техникалық хатшыларды оқытуға.

9.1.7. Келіп түскен құжаттарды өңдеуді жүзеге асыруға (оның ішінде ЭҮП арқылы келіп түскендер).

9.1.8. Қабылдау комиссияларында өзіне-өзі қызмет көрсету және оқуға түсушілерге кеңес беру залдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге.

9.1.9. ЭЦҚ алу үшін жұмыс компьютерін бөлуге.

9.1.10. Магистратураға үміткерлерге ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы.

9.2. Магистратураға түсуші тұлғалар жауапты:

9.2.1. Құжаттарды қабылдау комиссиясына уақтылы ұсынуға.

9.2.2. Магистратураға түсу үшін конкурсқа ұсынылатын құжаттардың түпнұсқалығына.

9.2.3. Апелляцияға өтініштің уақтылы ұсынылуына.

1. Общие положения

1.1. Правила приема в магистратуру (далее - Правила) разработаны с целью координации деятельности приемной комиссии НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет» (далее - Университет) по вопросу приема документов и зачисления претендентов в магистратуру.

1.2. Настоящие Правила разработаны в соответствии с Типовыми правилами приема на обучение в организациях образования, реализующих образовательные программы высшего и послевузовского образования (далее – Типовые правила), и определяют порядок формирования контингента магистрантов Университета.

1.3. Нормативные ссылки*):

1.3.1. Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения».

1.3.2. Законы Республики Казахстан «О науке и технологической политике» и «Об образовании».

1.3.3. Приказы Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (далее - МНВО РК), Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее - МЗ РК), а также иные действующие нормативные правовые акты Республики Казахстан, регламентирующие правила приема в магистратуру.

1.3.4. Устав университета.

1.3.5. Академическая политика университета.

1.3.6. Правила внутреннего распорядка Университета.

1.3.7. Приказы, распоряжения руководства и иные документы системы обеспечения качества (далее - ESG) Университета.

**) Если в ссылке указана датированное издание документа, то применяется только эта версия. Для недатированных ссылок применимой является последняя действующая версия ссылочного документа (включая любые поправки).*

1.4. Область применения:

Требования настоящих Правил распространяются на структурные подразделения, которые участвуют в процессе организации приема документов претендентов и зачисления в магистратуру Университета по результатам комплексного тестирования (далее - КТ).

1.5. Область распространения: для лиц, желающих получить послевузовское образование в магистратуре.

1.6. Заинтересованные стороны:

Заинтересованная сторона	Потребности и ожидания
1	2
Отдел магистратуры и докторантуры	Координация и контроль функции по приему претендентов в магистратуру университета.
Приемная комиссия Университета	Повышение эффективности взаимодействия между претендентами в магистратуру и НЦТ МНВО РК для проведения комплексного тестирования

Претенденты в магистратуру	Ознакомление с правилами и порядком приема в магистратуру
----------------------------	---

1.7. Термины, сокращения и определения.

1.7.1. По тексту применяются термины и их определения, указанные в таблице ниже:

Термины	Определения
1	2
Иностранец	лицо, не являющееся гражданином данной страны и имеющее доказательства своей принадлежности к гражданству иного государства.
Комплексное тестирование	форма экзамена, проводимого одновременно по нескольким учебным дисциплинам с применением информационно-коммуникационных технологий.
Лицо без гражданства (апатрид)	лицо, не являющееся гражданином данной страны и не имеющее доказательства принадлежности к гражданству иного государства.
